

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының  
шешімімен бекітілген  
(2016 жылғы «27» желтоқсан)



**Акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында  
«ҚазТрансОйл» АҚ-тың сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау  
әдістемесіне енгізілетін өзгерістер және толықтырулар**

«ҚазТрансОйл» АҚ жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2012 жылғы 3 шілдедегі отырысының №75 хаттамасы) бекітілген Акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында «ҚазТрансОйл» АҚ-тың сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

- 1) 1-бөлім 2-тармағының төртінші азатжолы алынып тасталсын;
- 2) 3-бөлімде:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Акционер осы бөлімнің 12-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қоюға құқылы, өтініш акцияларды сатып алу туралы анық та бір мәнді талапты, мұндай талап неге байланысты қойылып отырғанын, акционер сатып алуды талап етіп отырған акциялар санын және түрін, сондай-ақ акционердің мекенжайын және байланыс телефондарын қамтуы тиіс.»;

15-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Осы бөлім 12-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларымен айқындалған жағдайларда орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша Қоғамның сатып алуы теңгерімдік құны бойынша жүзеге асырылады. Акциялардың теңгерімдік құнын есептеу акционер өзіне тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу туралы өтінішті Қоғам кеңсесінде тіркеген күнге соңғы бар Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

«15-1. Осы бөлім 12-тармағының 4) тармақшасымен айқындалған жағдайларда орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша Қоғамның сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпте қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешім және (немесе) жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешім жариялануының алдындағы күнге Қоғам акциялары айналымда жүрген ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан орташа салмақталған күн бойынша жүзеге асырылады.»;

- 3) 4-бөлім алынып тасталсын.